

2023-2024 оқу жылының Әдістемелік кеңесінің жоспары

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру. 2.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері 3.«Педагогикалық ТАНДЕМ» номинациясына педагогтар ұсыну.	Дөңгелек үстел, пікір талас	Қыркүйек	Әдіскер
2	1. «Театр әлеміне саяхат» тақырыбындағы іс-шараның өткізілу барысы мен нәтижелерін талдау. 2. Тақырыптық бақылау қорытындысы. 3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» тақырыбындағы тәжірибе алмасу. 4. Әртүрлі мәселелер.	Іс тәжірибелік семинар	Ақпан	Әдіскер
3	1. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы баяндама. 2. Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі». 3. Шеберлік сынып: «Ойын технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекетте тиімді қолдану». 4. Әртүрлі мәселелер.	Шеберлік сынып	Сәуір	Әдіскер

**ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек» жеке бөбекжайы  
әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы**

Қатысқандар: балабақша педагогтері

Өткізілген күні: 06.09.2023 жыл

Қатысушылар саны: 10

Төрайымы: Ф.К.Иштаева

Хатшы: А Құрметова

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің негізгі міндеттері.
3. «Педагогикалық ТАНДЕМ» номинациясына педагог ұсыну.

Тыңдалды: төрайым Ф.К.Иштаева

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша А.Х.Кошбаева сөз сөйледі. Ол Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023–2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнымен педагогикалық ұжымды таныстырды. Нұсқау хаттағы қосымшаларға жеке-жеке тоқталып, олардың мазмұнына талдау жасады.

Әдіскер А.Х.Кошбаева 2023–2024 оқу жылына арналған негізгі міндеттерге тоқталып өтті:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дене, зияткерлік және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау;
- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, салауатты өмір салты мен қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру;
- баланың мектепке физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік дайындығын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда келесі қағидаларды басшылыққа алу ұсынылғанын атап өтті:

- ойын арқылы оқыту;
- балалардың ойын, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек және дербес әрекеттерін ұйымдастыру арқылы дамыту.

Әдіскер әдістемелік нұсқау хаттың толық нұсқасы жыл бойы [www.irttd.kz](http://www.irttd.kz) сайтында қолжетімді болатынын хабарлады.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің құжаттамалары қаралып, олардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) сәйкестігі сараланды.

**СӨЙЛЕДІ:** А.Рыскалиева

Әдістемелік нұсқау хаттың талаптары мен ережелері толық түсіндірілді. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен уақытылы танысып отырмыз. Алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргіземіз.

О.Атауова:– Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің негізгі міндеттері түсінікті. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеміз.

**ШЕШІМІ:**

1. ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек» жеке бөбекжайының педагогтерін 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жұмыстары жалғастырылсын.

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің негізгі міндеттерінің орындалуы қамтамасыз етілсін. Жауапты: педагогтері.

3. «Педагогикалық ТАНДЕМ» номинациясына О.Атауова ұсынылсын.  
Жауапты: Ф.К.Иштаева

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Ф.К.Иштаева

Хатшы:

А.Құрметова

**ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек» жеке бөбекжайы  
әдістемелік кеңес отырысының №2хаттамасы**

Қатысқандар: балабақша педагогтері  
Қатысушылар саны: 10  
Төрайымы: Ф.К.Иштаева  
Хатшы: А Құрметова

Өткізілген күні:07.02.2024ж

**КҮН ТӘРТІБІ:**

- 1.«Театр әлеміне саяхат» тақырыбындағы іс-шараның өткізілу барысы мен нәтижелерін талдау.
- 2.Тақырыптық бақылау қорытындысы.
- 3.«Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» тақырыбындағы тәжірибе алмау.
- 4.Әртүрлі мәселелер.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ф.К.Иштаева сөз сөйлеп, «Театр әлеміне саяхат» тақырыбында өткізілген іс-шаралардың маңыздылығына тоқталды. Театрландырылған әрекеттердің балалардың тілдік қарым-қатынасын, шығармашылық қабілеттерін, эмоциялық интеллектісін дамытудағы рөлі атап өтілді. Топтарда өткізілген театрландырылған ойындар мен қойылымдардың нәтижелері талданды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Х.Кошбаева тақырыптық бақылау қорытындысын таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ойын технологияларын тиімді қолдануы, балалардың белсенділігі мен қызығушылығы қарастырылғаны айтылды. Кейбір топтарда көрнекілік құралдарын қолдануды жетілдіру және балалардың шығармашылық бастамаларын қолдау қажеттігі көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ж.Муфтилина «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» тақырыбында баяндама жасады. Ол логикалық, дидактикалық, ұлттық және зияткерлік ойындардың балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы маңызын атап өтті. Педагогтер өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, балалардың ойлау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға бағытталған ойын түрлерімен бөлісті.

**СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші А.Б.Сәмен театрландырылған ойындардың балалардың шығармашылық белсенділігін арттыратынын атап өтті.

Қазақ тілі мұғалімі А.С.Даулеткалиева ой-өрісті дамыту ойындарын күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жүйелі қолдану қажеттігін айтты.

ШЕШІМІ:

1. «Театр әлеміне саяхат» тақырыбындағы жұмыстар жалғастырылып, театрландырылған ойындарды оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін.
2. Тақырыптық бақылау барысында анықталған ұсыныстар педагогтердің жұмыс жоспарларына енгізілсін.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуға бағытталған логикалық, дидактикалық және дамытушы ойындар қорын толықтыру жұмыстары жүргізілсін.  
Жауапты: топ тәрбиешілері.
4. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған үздік ойындар жинағы дайындалсын.

Жауапты: әдіскер және педагогтер.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



*Ишт*

Ф.К.Иштаева

Хатшы:

*А.Құрметова*

А.Құрметова

### №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 17.04.2024ж  
Қатысқандар: балабақша педагогтері  
Қатысушылар саны: 10  
Төрайымы: Ф.К.Иштаева  
Хатшы: А Құрметова

#### КҮН ТӘРТІБІ:

5. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы баяндама.
6. Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі».
7. Шеберлік сынып: «Ойын технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекетте тиімді қолдану».
8. Әртүрлі мәселелер.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Х.Кошбаева сөз сөйлеп, ойынның мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудағы маңызына тоқталды. Ол ойынның баланың танымдық қабілеттерін, тілін, қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық белсенділігін және әлеуметтік дағдыларын дамытудағы рөлін атап өтті. Педагогтерге ойын арқылы оқыту қағидаларын күнделікті тәжірибеде тиімді қолдану ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер тақырыптық бақылау қорытындысын таныстырды. Бақылау барысында ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің жылдық жоспарға сәйкес өткізілуі, балалардың белсенді қатысуы, музыкалық сүйемелдеудің сапасы, көрнекіліктер мен безендіру жұмыстарының талапқа сәйкестігі зерделенді.

Бақылау нәтижесінде педагогтердің мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда шығармашылық танытқаны, балалардың сахналық мәдениеті мен өнерге қызығушылығының артқаны анықталды. Сонымен қатар кейбір топтарда балаларды рөлдерге дайындау жұмыстарын жетілдіру және ата-аналардың қатысу белсенділігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Л.Б.Самигуллина шеберлік сыныбын өткізді. Шеберлік сынып барысында педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық, қимылды және сюжеттік-рөлдік ойындардың үлгілері көрсетілді. Қатысушылар ойындарды әзірлеу, қолдану және балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеу жолдарымен танысты.

Практикалық бөлімде педагогтер бірнеше дамытушы ойындарды орындап, тәжірибе алмасты.

**СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші Ж.Ж.Мажитова ойын технологиялары балалардың қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл меңгеруге ықпал ететінін атап өтті.

Тәрбиеші Е.Е.Хамидуллина өткізілген шеберлік сыныптың тәжірибелік маңызы жоғары екенін айтып, ұсынылған ойындарды жұмыс барысында қолданатынын жеткізді.

#### ШЕШІМІ:

1.«Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбында ұсынылған әдістемелік ұсынымдар педагогтердің жұмыс тәжірибесіне енгізілсін.

2.Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктерді ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын. Тақырыптық бақылау нәтижесінде берілген ұсынымдар орындалуға қабылдансын.

Жауапты: топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі.

3.Шеберлік сыныпта ұсынылған ойын технологиялары оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолданылсын.

Жауапты: барлық педагогтер.

4.Келесі отырысқа дейін әр топта жаңа дидактикалық ойындар қорын толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты: топ тәрбиешілері.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Ф.К.Иштаева

Хатшы:



А.Құрметова